

Несиелер бойынша жаңа жылдық маркетингтік науқан

«Несие ал да, бағалы жүлделер ұтысына қатыс» («Несие алып, бағалы жүлделер ұтысына қатыс»)

«Несие ал да, бағалы жүлделер ұтысына қатыс» маркетингтік науқаны (бұдан әрі – Науқан) 01.12.2021-20.02.2022 аралығында өткізіледі.

- «Менің Beeline-ым» қосымшасы арқылы несие алыңыз.
- Әр апта сайын смартфондар мен сымсыз құлаққаптардың ұтыс ойынына қатысыңыз.

Науқан қатысушылары:

- Beeline клиенттері;
- 21 жастан 60 жасқа дейін;
- Қазақстан Республикасының азаматтары не Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетелдік азаматтар;
- ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес нөмірді дұрыс тіркей отырып, жеке тұлға ретінде өзіне ресімделген телефон нөмірлерінің иелері.

«Несие ал да, бағалы жүлделер ұтысына қатыс» науқанына қатысушы болу үшін осы ережелерде (бұдан әрі – Ережелер) көрсетілген шарттарды орындау қажет. Ережелер Науқанды өткізудің заңды шарттарын белгілейтін жалғыз құжат болып табылады және beeline.kz сайтында жарияланған.

Науқан ережелері

Науқан қатысушылары несие мен «Менің Beeline-ым» қосымшасы арқылы алады.

Несие алмаған клиенттер қатыспайды.

Науқан кезінде апта сайын «Менің Beeline-ым» қосымшасының көмегімен несие алған барлық клиенттер бағалы жүлделер ұтысына қатысады. Егер клиент апта сайын мақсатты әрекеттер жасаса (қолма-қол ақшамен несие алса), онда ол бағалы жүлделер ұтысына тек бір рет қатысады.

Науқанның жалпы шарттары мен жүлде қоры:

- Жеңімпаздар апта сайын random.org кездейсоқ сандар генераторының сайты арқылы өткен аптада Менің Beeline-ым қосымшасы арқылы несие алған барлық қатысушылар арасында кездейсоқ түрде таңдалады.
- Әр апта сайын Оператор кездейсоқ түрде 5-тен 7-ге дейін жеңімпазды тандайды, олардың әрқайсысы кесте бойынша бөлуге сәйкес бір немесе екі бағалы жүлде алады:

Жүлде	Бір аптадағы жеңімпаздар саны	Несие алу аптасы
VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптары	1	01.12.2021 – 05.12.2021
VIVO Y20 смартфоны		
VIVO Y31 смартфоны	1	
VIVO Y53S смартфоны	2	
VIVO V21e смартфоны	1	
VIVO Y21 смартфоны	1	
VIVO X50 смартфоны	1	
VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптары	2	06.12.2021 – 12.12.2021
VIVO Y20 смартфоны		
VIVO Y31 смартфоны	1	
VIVO Y53S смартфоны	1	
VIVO V21e смартфоны	1	
VIVO Y21 смартфоны	1	
VIVO X50 смартфоны	1	
VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптары	2	13.12.2021 – 19.12.2021
VIVO Y20 смартфоны		
VIVO Y31 смартфоны	1	
VIVO Y53S смартфоны	1	
VIVO V21e смартфоны	1	
VIVO Y21 смартфоны	1	
VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптары	1	20.12.2021 – 26.12.2021
VIVO Y20 смартфоны		
VIVO Y31 смартфоны	2	
VIVO Y53S смартфоны	1	
VIVO V21e смартфоны	1	
VIVO Y21 смартфоны	1	
VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптары	1	27.12.2021 – 31.12.2021
VIVO Y20 смартфоны		
VIVO Y31 смартфоны	2	
VIVO Y53S смартфоны	1	
VIVO Y21 смартфоны	2	
VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптары	1	01.01.2022 – 05.01.2022 31.01.2022 – 06.02.2022
VIVO Y20 смартфоны		
VIVO Y31 смартфоны	1	
VIVO Y53S смартфоны	2	
VIVO V21e смартфоны	1	

VIVO Y21 смартфоны	1	
VIVO Sport Wireless сымсыз құлаққаптары	1	07.02.2022 – 13.02.2022
VIVO Y20 смартфоны		
VIVO Y31 смартфоны	1	
VIVO Y53S смартфоны	1	
VIVO Y21 смартфоны	2	
VIVO X50 смартфоны	1	14.02.2022 – 20.02.2022
VIVO Sport Wireless сымсыз құлаққаптары	1	
VIVO Y20 смартфоны		
VIVO Y31 смартфоны	1	
VIVO Y53S смартфоны	1	
VIVO Y21 смартфоны	2	
VIVO X50 смартфоны	1	

VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптары мен VIVO Y20 смартфоны бір жеңімпазға беріледі, яғни, 01.12.2021 – 05.12.2021 аралығында несие алғаннан кейін VIVO Y20 смартфонының жеңімпазы қосымша VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптарын алады, 06.12.2021 – 12.12.2021 аралығында несие алып, VIVO Y20 смартфонының екі жеңімпазы қосымша VIVO TWS 2e сымсыз құлаққаптарын алады, қалған жүлделер бір жеңімпазға бір жүлде қағидаты бойынша ойнатылады.

Жүлдені алу шарттары туралы толық ақпаратты Оператор Қатысушыға 3 жұмыс күні ішінде телефонға қоңырау шалу арқылы береді.

Өткізу тәртібі:

1. Науқан жеңімпаздары қатысушылар тізімінен random.org кездейсоқ сандар генераторының сайты арқылы анықталады.
2. Науқанның негізгі жеңімпаздарын анықтағаннан кейін әр жүлде үшін 1 резервтік жеңімпаз кездейсоқ анықталады.
3. Ұтыс ойынының бейнесі ұтыс ойыны өткізілген күні немесе ұтыс ойынынан кейінгі келесі күні @beeline_kz Instagram akkaунтында Stories-те және Өзектіде жарияланады.
4. Жеңімпаздар туралы ақпарат ұтыс ойыны өткізілген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде beeline.kz сайтында жарияланады.
5. Жеңімпаздарды анықтау Нотариус өкілінің бақылауымен жүзеге асырылады. Әрбір ұтыс ойынының нәтижелері Ұтыс ойынының хаттамасымен ресімделеді. Тізілім электронды түрде толтырылады (код-сәйкестендіргіші, ТАӘ, телефон нөмірі, қала, жүлденің атауы және оның IMEI-i).
6. Жеңімпаздарды анықтағаннан кейін жеңімпаздардың код-сәйкестендіргіштері жарияланады (осындай кодтардың бірінде келесі ақпарат қамтылады: аты, тегі, префиксі және ұялы телефонның соңғы 4 саны, сондай-ақ жеңімпаздың тұрғылықты қаласы). Жеңімпаздарға байланыс орнату және клиентке ұтыс туралы хабарлау үшін Оператор қызметкерлері күніне 3 рет (таңертен, түскі және кешке) 3 жұмыс күні ішінде қоңырау шалатын болады.
7. Жеңімпаз жүлдеден өз еркімен бас тартқан, жеңімпазбен байланыс орнатылмаған, ұтыс шарттарына сай келмеген жағдайда жүлде резервтік жеңімпазға жіберіледі.
8. Жүлделердің жеңімпаз-абоненттерін Оператор қызметкерлері sms және/немесе телефон қоңырауы арқылы 3 жұмыс күні ішінде Beeline-ның сату және қызмет көрсету кеңсесіне жүлделерді жіберуді нақтылау және құттықтау мақсатында хабарландырылатын болады.

9. Бағалы жүлделерді жеңіп алған абоненттер өз жүлделерін Beeline-ның сату және қызмет көрсету кеңсесінен 14 күннен ерте емес және Beeline-ның сату кеңсесінен жүлдені алу мүмкіндігі туралы хабарлама алған сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей ала алады.
10. Жүлдені Beeline-ның сату және қызмет көрсету кеңсесінде алу үшін абонент жеке куәлігін көрсетуі, сондай-ақ барлық қажетті құжаттармен, соның ішінде жүкқұжатпен және/немесе қабылдау-тапсыру актісімен танысып, қол қоюы қажет.
11. Оператор жеңімпазды sms және/немесе телефон қоңырауы арқылы хабарлаған сәттен бастап 14 жұмыс күні ішінде жүлделерді Beeline-ның сату және қызмет көрсету кеңсесіне жібереді.
12. Жеңімпаз-абонент алған несиені алған сәтінен бастап екі апта ішінде қайтарса және/немесе жүлдені алуға өтініш жасамаса және/немесе жеңімпаз 10-тармақта көрсетілген құжатты 9-тармақта көрсетілген мерзімде ұсынбаса, жеңімпаз жүлдені алу құқығынан айырылады, жүлде талап етілмеген жүлде болып саналады және одан әрі талап етілмейді. Компания мұндай жүлдені өз бетінше иеленуге құқылы.
13. Өндірушінің стандартты кепілдігінде көзделген жағдайларды қоспағанда (егер мұндай кепілдік көзделген болса және Ұйымдастырушыда бар болса), жүлделер қайтарылмайды және айырбасталмайды. Жүлделерді ақшалай баламамен алмастыру көзделмеген.
14. Компания Науқан жүлделерін жеңіп алған тұлғалар жүлделерді алған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес туындаған табыс салығының уақтылы есептілігі мен төленуі үшін бюджет алдында жауапты. Науқанға Қатысушылардың жүлделерді алуына байланысты туындауы мүмкін Ережелерде айтылмаған барлық өзге төлемдерді Науқан жүлдесін/жүлделерін алған Науқанға Қатысушылар өздері төлеуі тиіс, Компания Науқанға Қатысушылардың қандай да бір шығыстары мен шығындары үшін жауапты болмайды.
15. Науқанға қатыса отырып, абонент Науқанның барлық шарттарымен толық келіседі. Науқан шарттарын орындай отырып, Қатысушы Науқанға қатысуға өз келісімін және осы Ережелермен танысқанын растайды, сондай-ақ егер Қатысушы ұтыс ойынында жеңімпаз атанған жағдайда Оператордың сайтында және/немесе әлеуметтік желілерінде жариялау арқылы оның тегін, атын, әкесінің атын, тұратын қаласын пайдалануға өз келісімін растайды.
16. Оператор осы Ережелер бұзылған жағдайда Қатысушыны Науқанға қатысудан шығаруға, сондай-ақ Науқанды өткізуді мерзімінен бұрын тоқтатуға (жоюға), тоқтата тұруға құқығын өзіне қалдырады. Шарттарды Оператор бір жақты тәртіпте, Оператордың (beeline.kz) сайтында жариялай отырып өзгертуі немесе толықтыруы мүмкін.
17. Ұтыс ойынын өткізу келесі кестеге сәйкес өткізілетін болады:

Несие алу аптасы	Өткен аптадағы ұтыс ойынының күні
01.12.2021–05.12.2021	7 желтоқсан 2021 ж.
06.12.2021–12.12.2021	14 желтоқсан 2021 ж.
13.12.2021–19.12.2021	21 желтоқсан 2021 ж.
20.12.2021–26.12.2021	28 желтоқсан 2021 ж.
27.12.2021–31.12.2021	04 қаңтар 2022 ж.
01.01.2022–05.01.2022	08 ақпан 2022 ж.
31.01.2022–06.02.2022	
07.02.2022–13.02.2022	15 ақпан 2022 ж.
14.02.2022–20.02.2022	22 ақпан 2022 ж.